

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

*Дәрігерге дейінгі дайындық кафедрасы*

# Студенттің өзіндік жұмысы

Тақырыбы: “Қария науқастардың күтімі”

Орындаған: ЖМФ 121 Жоламанова Г.

Тексерген: Сыздыкова Сабина

Қарағанды, 2009

# Жоспар

## I Кіріспе

## II Негізгі бөлім

- Қария науқастардың сипаттамасы және жалпы күтімі
- Сырқаттың жеке басының гигиенасы
- Төсек-орын жапқыштарын және ішкі киімдерді ауыстыру
- Теріні күту және ойылған жеріне профилактика жасау
- Қария сырқаттарды тамақтандыру ерекшеліктері

## III Қорытынды

Адамның қартаюу белгілерін, механизмін, заңдылықтарын зерттейтін ғылым *геронтология* деп аталады. Қарттық – заңды түрде болатын соңғы жас кезеңі.



Жасына қарай адам организмінде барлық физиологиялық жүйелерде біртіндеп өзгерістер бола береді де, икемделудің төменгі мүмкіндігіне жетеді.

Егде адам қоғамның масылы емес, сол қоғамның ілтипаты мен құрметіне бөленетін мүшесі болуға тиісті. Оларды халық өз қамқорлығына алуға міндетті. Ал науқас қариялардың күтімін дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Күтімнің басты принципі – сырқаттың жеке басын сыйлау, оның дене және психикалық кемшіліктеріне шыдамдық білдіру.

## Қария науқастардың сипаттамасы және жалпы күтімі



Кексе және қарттық шақтағы адамдардың патологиясы созылмалы аурулардан тұрады: ми мен жүрек қантамырларының атеросклерозы, қантты диабет және т.б. Сондықтан олардың күтімі неғұрлым күрделі. Барлық емдеу-сауықтыру шаралары сырқаттың жұмыс қабілетін қалпына келтіруге, ал мүмкін болмаса оның қимылдап, өзіне-өзі қызмет көрсетуіне бағытталуы тиіс. Күтімнің нәтижелі болуы қария науқастардың медициналық қызметкерлермен психологиялық қатынасына байланысты, оның сырқатқа зор көңіл аударуы және сенімі аса күшті фактор болып саналады.

Қартаюу процесінде адамның нерв жүйесінде ми тамырларының атеросклероздық өзгеруімен тығыз байланысты бірқатар өзгерістер болады. Жоғары нерв қызметі бұзылады, ол жұмыс қабілетінің төмендеуімен, зейінінің, есінің нашарлауымен, ұйқысының бұзылуымен, көңіл-күй тұрақсыздығымен т. б. сипатталады. Сол себепті қария науқастар ашуланғыш келеді, оларда психоздар, депрессиялық күй (мазалану, қорқу, сандырақтау т.б.) сияқты аурулар жиі кездеседі. Мұндай сырқаттарды күтуде мейіркеш ролі ерекше зор. Барлық медицина қызметкерлерімен психотерапия өткізілуі тиіс.

## Сырқаттың жеке басының гигиенасы

Сырқат ұзақ уақыт төсек тартып жатып қалуына байланысты оның жататын орнының таза әрі ыңғайлы болуының маңызы зор. Жуып, дезинфекциялауға ыңғайлы болу үшін кереует никельденген немесе майлы сырмен сырланған және сырқат өзін еркін сезіну үшін оның бойына сай болу керек. Сырқатқа кез келген жағынан жақындау оңай болу үшін кереуеттер арақашықтығы кемінде 1,5 м болуы тиіс. Кеуеттің бас жағы қабырға жақта тұрғаны жөн.


Кереуеттің торы мен матрац асты төсеніші болады. Матрац үстіне ақ жайма салады, оның жиырылып немесе бүктеліп қалмауы үшін шеттерін матрацтың астына тығады. Жастықтарды тіке және астыңғысы (құс жүні) үстіңгіден (жүн) шығып тұрғандай, ал үстіңгісі кереуеттің басқы арқасына тірелетіндей етіп салады. Жастықтарға ақ тыс кигізіледі. Көрпенің бәйкеден жасалғаны дұрыс, ол жақсы желдетіліп, дезинфекцияланады. Жазда сырқатқа мата көрпелер жамылуына болады. Оған сейсеп кигізіледі.

## Дәрет алу

Ұзақ уақыт төсек тартып жатқан әрі әрбір апта сайын гигиеналық ванна алмайтын, сондай-ақ нәжісі мен зәрі тоқтамайтын сырқаттарға күніне бірнеше рет дәрет алғызу керек.

Дәрет алу калий перманганатының сұйық ерітіндісімен немесе басқа дезинфекциялайтын ерітінділермен жасалады. Оның температурасы жылы ( $30-35^{\circ}\text{C}$ ) болуы керек). Дәрет алдыруға құман, корнцан зарарсызданған домалақтанған мақта қажет. Әйел адамға дәрет алдыру:

Тізесін және сандарының арасын ашып шалқасынан жатқызу керек. Мейіркеш сол қолына ерітіндісі бар құманды алып, әйелдің жыныс органдарына құяды, ал оң



қолындағы қысып ұстап тұрған домалақтанған мақтаны жыныс органдарынан тік ішекке бағыттайды (жоғарыдан төмен). Содан соң тік ішектегі инфекция қуыққа және жыныс органдарына түсіп кетпейтіндей етіп мақтамен теріні сол бағытта құрғатып сүртеді. Дәрет алуды Эсмарх кружкасымен де жасауға болады.

Ер адамға дәрет алдыру:

Ауру шалқасынан жатып тізесін бүгеді. Бөксесінің астына дәрет ыдысын қойып, судың ағынын шап пен сан арасына бағыттайды. Корнцанқа қысқан мақтамен тік ішек пен шаптың қыртыстарын құрғатып сүртеді, содан кейін бұл жерлер базданып кетпес үшін вазелинмен майлайды.

Гинекологиялық ауруларда дәрет алудан басқа сыртқы жыныс органдарын жиі шайып жуады. Ол үшін Эсмарх кружкасы, қынап ұштығы, түрлі ерітінділер калий перманганатының сұйық ерітіндісі (0,5л 3-4 шай қасық).



## Ауыз қуысының күтімі

Әлсізденген сырқаттың ауыз қуысында микроорганизмдер жиналу себебінен ауыз қуысының шырынды қабатының іріңдеуі мен жағымсыз иіс пайда болу құбылысы байқалады. Ауыр науқастар өздігінен тісін тазалай алмайтын болғандықтан әрбір тамақтанудан соң мейіркеш домалақтанған мақтаны қысқышпен, оны ерітінділердің біріне (5% бор қышқылының ерітіндісіне, 2% натрий гидрокарбонатының ерітіндісіне, калий перманганатының сұйық ерітіндісіне) немесе қайнаған жылы суға салып, сырқаттың тістері мен тілін сүртеді. Одан соң сырқат аузын жақсылап шаяды.

Ауыр науқастың ауыз қуысының шырынды қабатында қабыну процестері стоматиттер жиі пайда болады. Ауыз қуысын дәрімен емдеу дегеніміз аппликация немесе дәрімен жуу.

Аппликация	Дәрімен емдеу
Ауыздың шырынды қабығына дезинфекциялайтын (2 % хлорамин ерітіндісі, 0,1 % фурацил ерітіндісі) ерітіндіге малынған зарарсызданған дәке салфеткаларын 3-5 мин салып ұстау. Күніне бірнеше рет қайталанатын процедура.	Эсмарх кружкасының немесе резеңке грушаның көмегімен жасалады. Сұйық ағымның қысымымен тамақтың қалдығы, ірің өзінен-өзі жуылады. Эсмарх кружкасы сырқат бойынан 1 м жоғары болса, ағын күші жеткілікті болады.

Кейде сырқаттың ерні кеуіп, ерін бұрышы жарылып, аузын ашқан сайын қанап, ауырады. Ондй жағдайда ерніне суға малынған салфетка салып, одан кейін кез келген маймен майлайды. Сырқатқа қатты аузын ашып есінеуге, жарылған ерінді саусақтармен ұстауға, жара қабығын сыпыруға, тіс шөткесін пайдалануға болмайды.

Егер сырқат тісі протез болса, кешкісін оны шығарып алып, мұқият сабындап жуып, құрғақ стаканға салып қою керек. Ал таңертең қайта жуып, аузына салуға тиіс.

## *Көз күтімі*

Көз күтімі мейіркештің ерекше назарын талап етеді. Көзден ірің ақса, кірпіктері жабысып қалса көзді 3% бор қышқылының ерітіндісіне салынған зарарсызданған дәкемен жуады.

Көз ауырғанда дәрі тамызып, көзге арналған май жағады. Ол міндетті түрде зарарсызданған болу керек. Дәрі тамызу үшін алдын-ала қайнатылған арнайы пипетка қолданылады. Осы процедураны жасау алдында мейіркеш қолын сабындап жуып, спиртпен сүртеді. Дәріні тамызу үшін: сол қолмен көздің төменгі терісін тартып, сырқаттың қарсы түйіріне қарауын сұрайды да, бір тамшыны көздің мұрынға жақын түбіне жай ғана тамызады, біраздан соң тағы қайталайды, сырқаттан көзін жұма тұруды өтінеді. Ал көз майын қабаққа шыны күрекшемен жағады. Аурудың қабағын төмен тартады да май жағып, оны саусақты жұмсақ қимылдатып көздің шырышты қабатының бойына таратады.

## *Мұрын күтімі*

Әлсізденген сырқат мұрын қуысын өздігінен тазалай алмаса, мейіркеш оны күнделікті тазалап, қатқан қабықты алып тастауға тиіс. Ол үшін аурудың басын шалқайтып, оның мұрын қуысына вазелинге, глицеринге немесе кез келген майлы ерітіндіге малынған шиыршықты мақта ендіреді де, 2-3 мин. айналдыра сүртеді, қатқан қабықтарды алып тастайды. Процедура қарапайым болғанымен дағды мен шыдамдылықты қажет етеді.



## Шаш күтімі

Науқастың басын 7-10 күнде бір рет жуып отыру керек. Ұзақ уақыт төсек тартып гигиеналық режимді сақтамаған науқастың басына кірден басқа сірке мен бит түсуі де мүмкін, сондықтан мейіркеш сырқат шашын мұқият қарауы тиіс.

Егер сырқат күйі тартса, оның басын гигиеналық ваннаға түсіру кезінде жуады. Ал ұзақ уақыт төсек тартып жатқан болса, оның шашын төсек үстінде жуады: легенді кереуеттің бас жағына қойып, сырқат басын желкесіне дейін көтеріп шалқайтып астын көтеріп қояды. Шашты сабындағанда бас терісін жақсылап жуып алу керек. Содан соң шашын құрғатып сүртіп, мұқият тарайды. Қысқа шашты түбінен ұшына қарай, ал ұзын шашты паралель бұрыштарға бөліп-бөліп, олардың ұшынан түбіне қарай жұлмаламай, жайлап тарау керек.

Басын жуған соң салқын ұстап қалмас үшін, әсіресе шашы ұзын әйелдердің басына сейіркеш сүлгі немесе үшкіл байлайды.

## Төсек-орын жапқыштарын және киімдерді ауыстыру

Төсек-орын жапқыштарын гигиеналық ваннаға түскен соң бір аптадан ұзартпай, қажет болған жағдайда қосымша да ауыстырылады. Кірлеген жапқыштарды клеенка қаптарға салып, дереу палатадан әкету керек. Сырқат жай-күйіне қарай төсек-орын жапқыштарын ауыстырудың бірнеше тәсілдері: жүріп-тұратын жағдайда болса, онда кіші мейіркеш көмегімен өзі



ауыстырады; сырқаттың басын көтеруіне рұқсат етілсе, кіші мейіркеш оны орындыққа отырғызып, ақ жаймасын өзі ауыстырады; төсек тартып жатқан науқастардың: төсекте аунауға рұқсат етілсе – оның басын көтеріп, жастығын алып, бір бүйіріне жатқызып, кір жайманы тігінен орап алып, орнына шиыршықталған таза жайманы жаю арқылы; төсекте белсенді қозғалыстар рұқсат етілмесе – науқастың басын еппен көтеріп, таза жайманы көлденеңінен төсеу арқылы іске асырылады.

Төсек-орын жапқыштарын әдетте екі адам сырқатқа көп күш түсірмей отырып ауыстырады.

## Науқасты шешіндіруді орындау тәртібі:

1. Науқастың бас жақ денесін көтеру.
2. Абайлап кір көйлегін денесіне дейін түсіру.
3. Науқастың екі қолын көтеріп, оратылған кір жейдені басынан шешіп алу.
4. Жеңін шешу. Науқас қолы жарақатталған болса, киімін алдымен сау қолынан, содан соң жарақатталған қолынан шешу.

## Киіндіруді орындау тәртібі керісінше жүргізіледі:

1. Екі жеңін кигізу, қолда жарақат болса – алдымен ауру қолға, содан соң сау қолға кигізу.
2. Жейдені басынан кигізіп, денесіне түсіру.

Ауыр науқастар үшін, мысалы миокарданың инфарктына арналған арнайы көйлектер тез киіліп шешіледі.

## Теріні күту және ойылған жеріне профилактика жасау

Науқастарға ванна немесе душта 7-10 күн ішінде 1 рет жуынуға болады. Төсек жағдайындағы науқастарға мейірбике легенге су құйып, жуынуға көмектеседі.

1. Жылы суға батырылған губка арқылы науқасты жуындыру (бетін, қолын, мойындарын).  
Сосын теріні құрғақ орамалмен сүрту.
  2. Науқас терісін жылы суға немесе антисептик ерітіндісіне батырылған орамал ұшымен күніне 2 рет сүрту (камфор спиртінің 10% ерітіндісі, сірке ерітіндісі 1 стакан суға 1 қасық, 70% этил спирті, 1% салицил спирті).  
Теріні кепкенше сүрту керек.
  3. Әсіресе жақсылап әйелдердің сүт бездерінің астындағы тері қабаттарын жуып кептіру.
  4. Ауыр жағдайдағы науқастың аяғын аптасына 2-3 рет легенге жуу, легенді төсектің аяқ жағына орналастыру.
  5. Науқас тырнақтарын тұрақты түрде аптасына 1 рет алып отыру, теріні жарқаттап алмау үшін кішкентай қайшы қолдану.
- Ойылу – тері асты клеткасының және жұмсақ ұлпалардың ұзақ қысылуының, жергілікті қан айналымының және жүйке трофикасының бұзылуынан пайда болатын терідегі диетрофикалық, жаралы-некротикалық өзгерістер.



## *Ойықтарды болдырмау үшін жүргізілетін іс-шаралар:*

1. Егер сырқат жағдайы жараса, оның дене қалпын күніне бірнеше рет өзгерту.
2. Қиқым-сиқым болмау үшін оның төсегін бірнеше рет сілкіп салу.
3. Төсек жапқыштары мен ішкиімдері бүктеліп қалмауын бақылау.
4. Көп уақыт шалқасынан жатқан ауыр науқас артына жастық тысына кигізілген үрленген резеңке дөңгелекті кигізіп, сырқаттың сегізкөзіне дөңгелектің тесігі тұрасынан келетіндей етіп салу.
5. Терісін күнделікті мына дезинфекциялайтын ерітінділердің бірімен сүрту: камфора қоспасы, камфор спирті, этил спиртінің 40% ерітіндісі, иіс су, сірке су ерітіндісі (300мл суға 1 ас қасық); ал олар табылмаса жылы сумен жуып, одан кейін құрғата сүрту.
6. Терінің гиперемиясы (қан кернеуі) болған кездегі белгілі бір жердің қан айналысын жақсарту үшін теріні құрғақ сүлгімен сүрту немесе кварцтау.
7. Терінің былжыраған (мацерия) жерін суық сумен сабындап жуу, спиртпен сүртіп ұнтақ себу.

# Ойықтарды емдеу

Кезеңдері	<i>Бірінші</i>	<i>Екінші</i>	<i>Үшінші</i>	<i>Төртінші</i>
<b>Белгілері</b>	Анық шеттері жоқ, түсі көк немесе қызыл бөліктер	Мұйықтың пайда болуы	Мұйық жарылып, жара пайда болады	Терінің, тері асты торшасы және басқа жұмсақ ұлпалардың некрозы дамиды
<b>Жүргізілетін іс-шаралар</b>	Жеңіл уқалау мен теріні антисептик ерітіндісімен өңдеу (камфор спиртінің 1% ерітіндісі, салицил спиртінің 1% ерітіндісі, жартысы су мен этил спиртінің 70% және басқалармен) УФО жүргізу астына резеңке дөңгелек салу керек	Мұйыққа бриллиант жасылының 1-2% ерітіндісі мен калий перманганаты 5-10% ерітіндісінің қосындысын жағу. Айналасын антисептик ерітіндісімен өңдеу, УФО жүргізу, дөңгелек резинка салу	УФО қолдану, майлы таңғыш, (1 % синтомицин эмульсия, Вишневский майы, 10% стрептоцид, облепиха майы және т.б.) арасына дөңгелекті резеңке салу	Некроз тоқтағаннан кейін өлген тіндерді алып тастау, жараға КМnO4 0,5% ерітіндісі немесе 1:5000 фурацилин ерітіндісі бар таңғыш салу. Ірің болған жағдайда – антисептиктер ерітіндісімен шаю (1:5000% фурацилин ерітіндісі, сутегі тотығының 3 % ерітіндісі, КМnO4 0,5% ерітіндісі), таңғыш. Жараны тазалап, толығымен майлы таңғышқа көшу, жараның жазылуына көмектесетін майлар қолдану (солиосерил, опипон және т.б.)



## *Қария сырқаттарды тамақтандыру ерекшеліктері*

Қарттық шақтағы сырқатты емдеудің негізгі факторының бірі – теңестіру концепциясы негізінде дұрыс әрі сапалы тамақтандыру. Тамақтық заттар құнарлы әрі біркелкі болуы тиіс. Жас адамның тәуліктік рационының калориясы 2800-3200 ккал/79% болса, 70-тен асқан адамның рационы – 69%. Кәрі адамдар көбіне өсімдік майларын (күнбағыс, жүгері, зәйтүн) көбірек қолдануы тиіс, олардың құрамындағы маңызсыз май қышқылдары холестерин қоспасын азайтуға жәрдемдеседі: сол арқылы атерогенезді баяулатады. Қартайған организмнің белокқа қажеттілігі кексе шақтағыға қарағанда еш кемімейді, ол дене салмағының 1 кг-на 1,2 г мөлшерінде тәулігіне 120 г қалады. Минералды тұздар мен микроэлементтер де жасқа қарай өзгермейді, ал ас тұзын қолдану тәулігіне 6-8 г шектеледі. Қарт адамдарға витаминдер қажет, әсіресе рационда С витаминін көбейту қажет. С витамині қара қарақатта, итмұрында, көк пиязда көп мөлшерде болғандықтан, сырқаттарға итмұрын тұнбасын, қантқа шыланған жас қарақат беру керек.

Қария адамның көбінесе тістері болмайды, бұл тағамды нашар шайнап, оның асқазан мен ішекте қорытылуын төмендетеді, нәтижесінде қарын-ішек қызметі бұзылады. Сондықтан қоймалжың, жақсылап шыланған тамақты күніне 4 рет шағын үлесін беу керек. .

*Қарт адамдар психологиялық жағынан өте нашар, тез өкпелегіш не тез қуанғыш келеді. Мейірбике осының бәрін есінде сақтап, қарт науқаспен қарым қатынас жасау керек.*

*Қарт адамдар біздің қоғамда ең құрметке ие адамдар. Ауырып жатқан қарттарға жоғарыдағыдай көмектерді көрсетсе, олар*

*тез жазылып өз қатарына қосылады. Жақсы қарым-қатынас жасай білетін мейірбикелер мен дәрігерлерге өз баталарын арнап жүреді.*

*Менің ойымша, өз заманында қоғам үшін жасарын жасап, игілікті істер атқарған адамдардың қалған зұмырында зейнет көруіне қолымыздан келгенімізді аянбай істеуіміз керек.*



## Қолданылған ақпарат көздері:

1. С.Қ.Мұратбекова, “Мейірбике ісінің негіздері” 2007
2. А.Р.Құспанова “Медбикелік іс” 2006
3. <http://www.wikipedia.ru.org/wiki/>